

Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде қаза тапқан (өлген) немесе мертіккен жағдайда және қайтыс болған немесе қаза болған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қарашадағы N 1260 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңының 20-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде қаза тапқан (өлген) немесе мертіккен жағдайда және қайтыс болған немесе қаза болған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін біржолғы өтемақы төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 6

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 2 6 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде қаза тапқан (өлген) немесе мертіккен жағдайда және қайтыс болған немесе қаза болған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен

зейнеткерлерін жерлеу үшін біржолғы өтемақы төлеу ережесі

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде қаза тапқан (өлген) немесе мертіккен жағдайда және қайтыс болған немесе қаза болған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін (бұдан әрі - қызметкерлер мен зейнеткерлер) жерлеу үшін біржолғы өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Біржолғы өтемақы төлеуді қаржы полициясы органының қаржы бөлімшесі қаржы полициясы органы жетекшісінің бұйрығы негізінде осы мақсаттарға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен, заңнамада белгіленген тәртіппен өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде банктегі немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдардағы (бұдан әрі - банктер) алушының жеке шотына немесе карта-шотына аудару жолымен жүргізеді.

Кәмелетке толмаған алушыға біржолғы өтемақыны төлеу оның өтініштегі көрсетілген шотына, бұл туралы қамқоршылық және қорғаншылық органдарына және оның заңды өкілдеріне өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде бір мезгілде хабарлай отырып, бюджеттік ақша аудару жолымен жүргізіледі.

3. Қаржы полициясы органдарының кадр бөлімшелері міндетті түрде қызметкерлерге немесе біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адамдарға олардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініш беру қажеттігі туралы жазбаша хабарлайды.

4. Біржолғы өтемақы алу үшін қызметкер немесе оны алуға құқығы бар әрбір адам қаржы полициясы органының кадр бөлімшесіне мынадай құжаттарды ресімдейді және ұсынады:

1) қызметкер қызметтік міндеттерін не қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан (өлген) не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтыс болған жағдайда:

белгіленген нысандағы өтінішті;
өлімі туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін;
егер төлем жасауға өтініш беруші қаза болғанның (қайтыс болғанның) мұрагері болып табылса, мұрагерлікке құқығы туралы куәлікті;
алған жарақаты салдарынан қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтыс болған қызметкердің қаза табу (өлу) фактісі бойынша, бұдан басқа әскери-дәрігерлік комиссия (бұдан әрі - ӘДҚ) қорытындысының көшірмесі беріледі;

2) қызметкерге жарақаты, жаралануы (контузия алуы), мертігуі, ауруы нәтижесінде болған мүгедектік белгіленген кезде:
белгіленген нысандағы өтінішті;

денсаулығына келтірілген зақымның фактісін растайтын ӘДК берген қорытындының көшірмесін;

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектік туралы анықтамасының көшірмесін;

3) қызметкер мүгедектікке әкеп соқпаған ауыр, орташа немесе жеңіл мертіккен жағдайда:

белгіленген нысандағы өтінішті;

ӘДК-ның мертігу ауыртпалығы туралы қорытындысының көшірмесін;

4) қайтыс болған немесе қаза болған қызметкерлер мен зейнеткерлерді жерлеу үшін:

белгіленген нысандағы өтінішті;

қайтыс болғандығы туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін.

5. Қызметкер немесе біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адам біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініш жасаған кезде қаржы полициясы органының кадр бөлімшесі осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығы мен дұрыс ресімделгендігін тексеруге және өтінішті біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналында (2-қосымша) тіркеуге, сондай-ақ қаза болғанның (қайтыс болғанның) қызмет өткерген орнынан қаза табуының (өлімінің) немесе мертігуінің жағдаяттары туралы қызметтік тексеру қорытындысын және қаржы полициясы органы қаржы бөлімшесінің төлеуге тиесілі біржолғы өтемақы сомасы туралы анықтамасын талап етуге міндетті.

Осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген тиісті құжаттар толық ұсынылмаған және (немесе) олар дұрыс толтырылмаған жағдайда өтініш тіркелмеуге тиіс, ол туралы өтініш берушіге хабарланады.

6. Қайтыс болған немесе қаза болған қызметкерлер мен зейнеткерлерді жерлеу үшін, сондай-ақ қызметкерлер қаза тапқан (өлген) немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу жөніндегі жұмысқа жалпы басшылық етуді қаржы полициясы органдарының басшысы жүзеге асырады.

Е р е ж е г е

1-қосымша

Кімге _____

(лауазымы, арнайы атағы)

мекеме (ұйым) басшысының тегі, аты-жөні

кімнен _____
(өтініш берушінің тегі, аты-жөні)

_____ мекен-жайы
бойынша тұратын өтініш жасаушының
СТН N _____

Біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініш

Сізден _____
(біржолғы өтемақы төленуі тиіс оқиғаның сипаты көрсетіледі)

байланысты маған біржолғы өтемақы төлеуіңізді өтінемін.

Маған тиісті соманы _____

(банктің атауы, банктің СТН-і, банктің МФО-сы, алушының жеке шотының немесе карта-шотының N көрсетіледі)

_____ аударуды сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____
2. _____
3. _____

Өтініш иесінің қолы _____

200__ жылғы " __ " _____

Құжаттар 200__ жылғы " __ " _____ қабылданды.

Қолы _____

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Е р е ж е г е

2-қосымша

Біржолғы өтемақы төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналы

Өтініштің !Мертіккен, оның!Біржолғы өтемақы!Біржолғы!Біржолғы
келіп түскен ! ішінде қайтыс !алушының Т.А.Ә. !өтемақы !өтемақының
күні !болған қызмет. ! және оның !төлеу !сомасы
!кердің Т.А.Ә. ! мекен-жайы !себебі !
! және оның ! ! !

! м е к е н - ж а й ы ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК